

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 85 "Исатай ауданында "Жастар тәжірибесін" ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Исатай ауданы әкімінің 2009 жылғы 15 шілдедегі N 113 қаулысы Исатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 шілдеде N 4-4-142 тіркелді. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 шілдедегі N 131 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2010.07.26 N 131 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Исатай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 85 "Исатай ауданында "Жастар тәжірибесін" ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4-4-139 тіркелген, аудандық "Нарын таңы" газетінде 2009 жылғы 25 маусымда N 26 с а н ы н д а р е с м и ж а р и я л а н ғ а н).

2. Исатай аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 85 "Исатай ауданындағы "Жастар тәжірибесін" ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы" қаулысының 1-қосымшасына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) қосымшаға сәйкес "Жастар тәжірбиесін" ұйымдастыратын кәсіпорын мекемелер тізімінен аудандық прокуратура, "Дан-ис-сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі алынып тасталсын;

2) "Жастар тәжірбиесін" ұйымдастыратын кәсіпорын, мекемелер тізіміне аудандық Әділет басқармасы (Н. Жұбанов – келісім бойынша), аудандық қазынашылық басқармасы (Ш. Садықова - келісім бойынша), Исатай аудандық Халық банк басқармасы (Р. Ағелеуова – келісім бойынша) және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі енгізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

4. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Аудандық қазынашылық
басқармасының бастығы

Ш. Садықова

14.07.2009 ж.

М. Өтеғалиев Келісілді:

Аудандық Әділет
басқармасының

бастығы Н. Жұбанов

14.07.2009 ж.

И с а т а й

а у д а н д ы қ

Х а л ы қ

банк басқармасының

бастығы Р. Ағелеуова

14.07.2009 ж.

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 5

ш і л д е д е г і

№ 113 қаулысына 1-қосымша

"Жастар тәжірибесін" ұйымдастыратын кәсіпорын, мекемелер тізімі

N	Мекемелер аты	Адам саны
1	Жайықмұнайгаз өндіру басқармасы (келісім бойынша)	10
2	Аудандық білім бөлімі	4
3	Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі	2
4	Жайық–Каспий экология департаментінің Исатай ауданы бойынша бөлімі (келісім бойынша)	2
5	Аудандық салық комитеті басқармасы (келісім бойынша)	4
6	Аудандық жер қатынастары бөлімі	4
7	Алынып тасталды	
8	Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	2
9	Селолық округтер әкімі аппараттары	7
10	Алынып тасталды	
11	"Әдемі үй – Кірпіш зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	3
12	"Болат Д" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша)	3
13	Аудандық телекоммуникация торабы (келісім бойынша)	2
14	Аудан әкімдігі	2
15	Аудандық Әділет басқармасы (келісім бойынша)	2
16	Аудандық қазынашылық бөлімі (келісім бойынша)	3
17	Исатай аудандық Халық банк басқармасы (келісім бойынша)	3
18	Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК